





Хатынды алысымен іле әңгімені де оқып шықтым. Жәй қоңыр салқын ғана әсер берді. Екі шалыңда да даралық мінез өріліп шығатын өзек бар, бірақ әңгімеде көздеген идеяға жыға алмапсың және негізгі идея көмескі қалған.

Рас, «шалдарға қоғам пенсиядан өзге не беріп отыр? Рухани рахаты қайсы?» Қартайған да - бір бала. Қоғам оларды әлпештеуі керек шығар. Ал, шын мәнінде жағдай қалай қалыптасып отыр?

Сен Төлenniң (Әбдіков) «Қонақтарын» оқыдың білем. Міне, дәл сонда іш ауыр-



татын әлеуметтік объективті проблема бар. Сендегі мәселе одан қораш емес. Онда: бала қуанышын қызықтай алмай ынтызар әрі ішқұса болған ата-ана қалай кейіптеледі?!

Сенің әңгімеге алған екі шалың өз халдерін (идеясын) өздері жеткізіп бере алмай тұр: олардың бейуана «күйкілеу» тіршілігі олардың қандай жағдайды қалайтынын айғақтап берсе керек еді; сол өз көкейіндегі идеяны суыртпақтап детальға, диалогқа және басқа эпизодтарға тарата отырып жеткізу құп болар еді; мәселені шешіп тастау әңгіме үшін шарт емес, бірақ кульминация не финалда

(эволюциялық даму) жағдайында. Егін ек, шөп шап... - боғынды пышақтап ойға беріліп тығырға тірелме - әрекет! Әрекет - барлық мән осында.

Істегенің неғұрлым көп адаммен тағдырлас кимылға ұласса - тыныштық, тояттық сонда ғана...

Кейде сенің (сендердің) теориялықты көп оқисың деп «жындарың келетіні» бар. Жанашырлықты адамның кез келгені түсінгенмен, көбісі көп ретте самарқау ниетпен қабылдайды. Жалпы, адамдар өз

болмысынан биік секіре бермейді ғой. Егер мен оларыңа құлақ аспасам, сол тұрғыдағы «кемшілік» шығар. Бірақ пікірдің көбі, кімнен шықсын, жадымда сарапта жүреді...

Маған қазірге дейін дүние сырының теориялық моделін түсіну, практикалық істің ұғым, идеямен астарлас аңғарын ұғу - негізгі іс болып келген тәрізді. Әрнеге бір (әрине, кітабы концепциялар, әлеуметтік ғылым жобалауларын айтып

Енді біздің пікірлестігіміз, творчестволық араластығымыз молайғаны мақұл. Оның екі жақты көп мәні бар.

... Тұрмыстың алаңсыз жағдайы көп нәрсеге стимул болар еді, бар болғанда, біз әуелі тіршілік, күн көріс қамын күйттеумен әуреміз ғой. Бұл аз уақыт, өткінші уақыт болуы мүмкін, бірақ осындай сәттер жігерді құм етпесін!..

Өмір ес тандырып күлгізбейді де; әр нәрсенің себеп-салдарын сезіп, біліп қалған соң, күйзеліп-күңіренуге де орын қала бермейді. Адам не нәрсеге де тәуелсіз болсам дейді - бұл оның өмір баки пендешілік аңсары, бірақ бостандық - қажетті мәжбүрліктердің сыр-қатпарын ұғып білуде жатыр (Энгельс). Адам баласына бұл фәниде одан өзге жолдағы күрестің бәрі далбаса. Бұдан өзге тәуелсіздікті мен әлі түсінгем жоқ.

Бұл - біздің бүкіл айтар үлкен-кіші ойымыздың діңгек қазығы.

Стендаль: «Дүниеде адамның бір-біріне ақыл-пейіл білдіруінен арзанға түсетін ешнәрсе жоқ» депті (еркін алып отырмын). Басқа қарым-қатынастың бәрі материалдық өлшеммен белгіленеді дегені болуы керек.

Ол дәулетті болудың не екенін ащы-тұщысымен көрген адам, сосын да айтқан шығар. Менің айтайын дегенім: мәжбүрлікті (необходимость) сезіну, мойындау - қандай шешім, идеялар туғызады деген сұрақ.



Мен әлгі: Гегель карттың «Әр жылғы еңбектерін» аударып-төңкеріп, «аяғынан қойған» боп оқып, кешеден бері «көн жібітіп» жатырмын (Екінші томда сабақ жайлар мол).

... Сенің неге құлазитынынды мен ішінара ғана сезем. Рахат тіршілік - бүкіл қасиетінді (әрине, творчестволық кең мағынадағы қабілет) шектеусіз жарыққа шығаруда, қалағанынша гуманистік мұраттың іске асуында емес пе?..

лі. Маған жанасты шындық осындай.

Қалыпты тіршіліктің илеуіне көну - көптің көріп жүрген ісі, ал қарсыласу, қалауың бойынша әрекет - санаулылардың ғана еншісіне тиген шаруа. Жерде қалғың да келмейді, жалаңаяқ жүру де ұят, дегенмен беті қайырылған іс жоқ. Түрен түспей тілек айтып жатсың ғой...

Музыка өнерін тек тындап, жоқ-барды жобамен құр тамсану ғана емес, оны еркін меңгеріп ойнап, орындап жүрген сенің көкірегің менен де, мен тәрізді кара қазақтың көбінен де әлдеқайда даңғыл, зерек, зергерлі әлем.

Осы орайдағы бір пікір: сенің күй аңызын кешіктірмей қолға алуың қажет. Халықтың өзін өзіне, одан соң өзге елге танылуы үшін ондай еңбектің құны мәңгілік өлшеусіз.

Қазір стихиялы дамудың заманы емес, мемлекеттік машина адамның қай саладағы дербестігін тұмшалап тұрған заман, бірақ бұл өткінші кезең деп тұжырымдалып жүр ғой; сондықтан да бізге ең керегі - соқырдың аймалағанындай бағдар іздеген білім емес, салауатты-салдарлы жүйеге негізделген қару қажет. Ол, әсіресе, ел басқарғансып жүрген дүмше интеллигент, саяси «қайраткерлерге» қажет. Тарихтың ұзына көшінде билік керуені мен білім, парасат керуені ұдайы теке-тірес жолмен келеді.

Өмірдің нақты жағдайында адамның қатысуымен, адамның қолынан өтетін іс-әрекет, құбылыс, жұмыс-шаруалардың бәрі әуелбаста мойындалған теория, принцип, қағидалардан бір мысқал болса да ауытқу (яки үйлесімсіздік) заңдылығымен ерекшеленеді. Дәл осы ретпен келгенде де басшылықтың жауапкершілігі тым айрықша.

Мен саған басшылық және халық (тағдыр, мүлде, мақсатын тегіс ала отыра) байланысындағы тақырыпта пікір суыртпақтап отырмын. Біздің елде, әдетте, басқарушы халықтан (тіпті еңбекші тап өкілінен) сұрыпталып алынады, бірақ шындығында, басқарушыны басшы таңдайды. Халық ұйымдастырудың арқасында бірауыздылықпен мақұлдайды. Мұндай демократия бір басшыны бір басшыға мадақтатып, оны халыққа мақұлдатуға дейін ұйымдастырудың қысқаша ұласты.

Повесте («Ақкыз») Ақкыз да, Наймантай да сенің айқын тенденциянды жыға танытардай характер логикасымен мүсінделмеген. Одан туған ақау - шығарманың бүкіл идеялық тізгіні ат мойнында құр бос салбырап тұр.

Өмірдегі қандай қиюласқан қызық оқиғаның ізі көркем идея, адамгершілік

жанға бататын жер бадырая көрінсе, ре-маркамен берілетін өз үнінді өктем етсең, - ұтыс біздің қолда болар еді.

Бір жеті төсек тартып бас көтерген болып отырмын қазір. Көңіл-күй орнықты емес: аңсау көп, арман көп, тынған іс жоқ, тыным қайдан болсын. Тұрмыстың ойқы-шойқысы білінетін; адамдарға ерекше үміт жүктемейтін қалыпқа бекіп, тоңазып алған жақсы; «өзіңе сен өзінді алып шығар, қайратың мен ақылың екі жақтап» дегізген тіршілік қой, басқа не ұлылық дейсің бізге қалған.

Сосын, өзіңе звондап та айтармын, бізде бір жас бүркіт бар. Қазір қолда, бір білетіндеу қарттың баптауында. Бірақ, қор қыла ма деп күдіктенем. Осының бір ыңғайын шешейік.

... Қазір Оралханның әңгімесі жарияланып жүр. Мен бұрын ниет қоймаушы едім, жігітінде едәуір поэтикалық стихия бар боп шықты. Әңгімесі әлі біткен жоқ, бірақ бірлі-жарым стильдік ауытқуларына қарамастан (образдың идеялық-тұрпаты өз алдына әңгіме), осы жігітіннің қалам ұстасына көңіл жібитін сыңай бар. Әлі көрерміз...

Қысқасы, қоңыр өмір, жәй тіршілік; үлкен қиял, асқақ сыр билеген шақта, осы екі тіршілікті жымдастыра алмай, қиюын қашырып әуре-сарсаң ой азабына түсесің; адамды өз тарапынан кінәлау, көңіл толмастық билесе, қандай зауық боларын білесің ғой.

Бір себептен, менікі шарасыз, дәрменсіздіктен емес; екіншіден, нигилист, скептик көзқарасындағы құр даланы қарману дегенге де келмейді; ал аздаған негіз бар деп ойласақ, нәтижесі мәз емес, - сонымен толғануың көп, тындырарың жоқ көкірек керген көп қиял боп жүріп жатқан.

Хат жазуды кімге болсын салақсытып, көп нәрседен көз жазып қалғалы жүрмін. Өзіңнен келгелі үн бермегенім жақсылық емес; хаттың мазмұн сипаты бір сергітіп, марқайтып тастаса деген талап болады да, күнделік кірбеңі «кімге дәрі» дегендей, мәз ештеңе таппаған соң, бой тарта бересің. Үнсіз жүргеніме іштей бір себеп осы.

Мен өзімді «кіжінуі мен күшенуі көптің...» біріне санаймын. Неғылса да, іштей қайшылықтың өршуі басым... әлі сенделуі мол.

Кешелі-бүгін Андре Моруаның «Әдеби портреттері» қолға түсіп, Антуан де Сент-Экзюпери (әсіресе) ықылас аударып тұр. Айтуынша, ол әрекеті мен ақыл-ойы тоғысқан (ал бұлай болмаған өмірде ол іс-тағдыры мен арман-ойының сырын жетік түсінген) ерекше өмірдің (әрине, өз қоғамының) адамы.

Ел жайы біркелкі тіршілік; күнделік

отырмын) шүқшия бөрегінім де содан.

Өткенде болған творчество жайлы аз әңгіме саған қаншалық әсер бергенін білмеймін, бірақ менің назарымды аударғаны: жазылмыш дүниенің тақырыбы, геройы туралы мәселе.

Бұл әлі менің өз ұғымымда сан-сала тұспалы бар, санамды билеген көкейдегі сұрақтар. Негізі ізделетін нәрсе біреу болған соң, пікірге пікір қосып, ой тірілте беру артық болмайды.

Жалпы бұрынан айдай анық қандай нәрсе болсын ол әрбір адамның өз санасында пісіп, түлеп, егжей-тегжейлі жетілуі керек, әйтпесе өзгенікі әсерсіз, пайдасыз қалпында қала береді. Мен соны өткердім. Толстойдың: ойланған нәрсені ойлап нең бар, оны дайын күйінде ал да, әрі қарай тарт деуінде үлкен мән бар. Іздеуші жалғыз біз ғана ма?..

Толстой да, Бальзак та өмір баки өз орталарының мәнін, жолын іздестірумен болған. Сонымен бірге өздері де сан килы шарқ ұруды бастарынан өткерген. Кейінгілері де сондай. Өмірдің жаңғыруы - үнемі болып тұратын құбылыс, ол - адамның санасындағы күрес; тіршілікте болып жатқан іс-әрекетгер. Оның бәрі бүкіл адамзаттың өзгеруіне, жаңа дүниенің қалыптасуына, одан соң оның да ескіруіне әкеп тірейді.

Турасы, менінше, жаңа дабыл, жаңаша бір дүр сілкінуді жан-жүрегімізбен сезініп, өткере алмай жүрміз, білем. «Өсіп келеміз, жетілдік» деп құдайдың құтты күні қақсаймыз ғой.

...Өмір схемаға толып кеткендей немесе халық қалыптан шығып кетпейтіндей бір схема болып барады ғой тіршілік. Бұл да қаншаға барар дейсің. Теңгермешіліктің қандайы да жақсы емес.

Дүние ешқашан тепе-тең құбылыстан тұрмайды. Біздің қазіргі өмірімізде орын ауыстыру (шаланың шоқ орнына, көненің жаңа орнына... деген сияқты) зардаптары көп. Мүмкін, мұның өзі даму қайшылығы шығар.

Қайткен күнде де біз жаңғыруды бүкіл болмысымызбен сезінуге мейлінше жан салуымыз керек.

Дүние - күрделі, ыланды, қалай бұрап ұрсаңда, апшысы қуырылмас ұлан-ғайыр процесс. Соның ұйқы-тұйқысын сезінсең, жалғыз-жарымның өмірі - бір шөкім шырпы тәріздес...

Негізгі жұмыс - газет мүддесінің ұнғыл-шұңғылы. Көңілде көп барлау бар, бірақ соның бірде-бірі қағаз бетіне түскен жоқ. Ең өкініштісі осы. Жалпы менің жаратылысым баяу ғой, оның үстіне ішкі-тысқы өмірден едәуір қайшылық көрем де, құр міңгір ойдың шылауында булыға берем. Бұл бір сарын сыр.

Бұл хат осымен аяқталғалы отыр. Сағыныштан кісі өлмейді, сарғайып бітеді. Сенің базынаң — хат жазсайшы дегенде, - менікіндей сағыныш қой. Оныңды әбден сезінем. Бірақ бүгінгідей жарық күн бола бермейді (Күннің шуағы жаныңа жақын адамдарыңды қиыншылықтағыдай үйіріп әкеледі екен, оны жаңа осы хатты бастап жазарда аңғардым). Сосын іштей күбірлеп, сәті түссе, осылай шертіп-шертіп аласың. Сен бейне осы сәт қасыңда болар ма едің...

Нысаналы биіктік оңайлықпен иек арттырмай жүрген шақта, іздену-шарқ ұрудың тізгіні тең түспей жататыны танымал жай. Ежіктеу емес (естіген де шығарсың), мына бір жөнді пікір естен кетпейді: егер бір теңгесі барлар өзара алмасса, өзгеріс жоқ, ақшалары сол бір сом қалпы өздерінде қалады, ал бір-бірден идеясы барлар екеуара алмасса, онда әрқайсысы байлығын екі еселей алады дейді екен.

Әңгіме-хатыңды назармен оқып шықтым. Ой-рухты мазалайтын бір қайшылықты ұстапсың; әңгімеде шешім (төрелік үкім) тура айтылмайды, бірақ идеал-тенденцияң айқын, - бірінші, осыған қуандым. Композиция біртұтас идеяны қуаттап, қызмет етіп тұр.

Сүйгенге қосылу - ежелден арман. Екі жақты махаббат сирек нәрсе, бұл өмірде бір-біріне түс-тұрпат, арман-аңсары ұксас екі адам табылмайтыны сияқты әртүрлі сыр-сипаттан келіп шығады.

... «Адам не нәрсеге де тәуелсіз болсам дейді - бұл оның өмір баки пендешілік аңсары. Ал, бостандық, еркіндік атаулы амалсыз мәжбүрліктердің сыр-қатпарын ұғып білуден басталары хақ».

Эпиграфқа келтірген пікір осылай тұжырымдалады. Бойлап қарап бағып отырсам, не нәрсені біліп алғанда емес, мәселе содан кейін басталар әрекет-амалда көрінеді. Бұл кәдуілгі нақтылы өмірге шақырған диалектиканың үні.

Ынтасыз істен көбіне жағымсыз нәтиже шығады, сосын да құлық соғуын аңдып, қаламнан қашқақтайсың. Ал хат шірікінге келгенде кідіріс бар ма? - Жаныңмен астарлас адамың болсын тек!

Бүкіл адамзаттың прогресс жолындағы үлкен ынтызар бір ғана мұраты бар, ол - адам баласын езгіден, мәжбүрлік атаулыдан құтқару. Ұлан-асыр әлемде бұдан парасатты күрес жолы бар-ау деп өз басым ойламаймын. Еншіміз осыдан болса да...

... Біз шектеулі мүмкіндіктің ғана адамымыз. Біле тұра, ести жүре бармақ тістейтініміз де содан. Етіктің өкшесіне шеге қақсын мейлі, бір адамның басына байлау атқарар істе қисап жоқ. Бірақ, күйкентайлап күн көрумен өлшеніп өткен ғұмыр тақым жаздыртар емес. Кіжін мейлі, құлшын мей-

концепция ұсынудың жолы емес. Ол белгілі байланыстарда ғана құнды.

Жазу жұмысы - адамның саналы, мақсатты еңбек әрекетінің бір түрі. Оны процесс ретінде, объективті-субъективті құбылыс ретінде танып-білуге болмайды деу қате (мұның дәлелі жеткілікті). Ал не нәрсені терең игеріп біле бастаған соң-ақ оны (өнерді) бірсыдырғы ерекшелік көркемдік қабілеті бар адам дұрысырақ тудыруға қалыптаса береді. Жалпы тіл білу, оны белгілі дәрежеде көркемдік ораммен қолдана білу артықшылығы шығармада көркем бейне, жөн идеялы эстетикальщ дүние туғызуга тек алғышарт баспалдақ қана.

Сосынғы орайлы шаруа «Бір атым насыбайдың» жазылып қалғаны болып отыр. Міне, мұнында бағдар тұзу, мұрат биік. Өрнек, орындалуы да ортадан жоғары. Осы шығарманың жазылу фактісі арқылы айтатын бірер пікір мынандай: Жалпы көркем әдебиет практикасында баянды қалыптасқан бірінші жақ - біздің халықтың шешендік өнері мен әңгімешілдігінде бастау алып, кейінгі реалистік жазба әдебиетімізде кемел психологизм, әсерлі экспрессиялық көркемдікпен байи түсті. Абырой беретін түрді қолданып шығарма жазу, әрине, эпигондық бола бермейді.

Иншалла, бұл шығармада сен одан тазасың; солай бола тұра түрдің мазмұнды (көркемдік мүмкіндікті) шектейтінін айтқым келіп отыр.

Жалпы, баяндаушы «мендердің» мүмкіндігі әр дәрежеде болып келеді. Тереңге бармай-ақ бір-екі мысал - Стефан Цвейгтің бірінші жакпен беру тәсілі, Ғ. Мүсіреповтің және С.Мұқановтың мендік тұрғыдан баяндау ерекшеліктері - үшеуі (өзгелерді былай қойғанда) үш дара деңгейде емес пе?

Ал менің құптайтыным - солардың ішіндегі ең жетілгені - объективтік авторлық баяндау-бейнелеу деңгейіне көтерілген бірінші жақ. Оның мүмкіндігі хас реалистік шығармада мүлдем өлшеусіз; тек интеллектуалдық, суреткерлік қарымың жетіссе болды.

Сен Достоевскийдің Раскольниковке кемпірді қалай өлтірткізгенін оқып көрші... (Бірінші бөлімді тұтас, асықсаң - сол бөлімнің жетінші тарауын қарарсың). Жалпы алғанда, сен үшін әлі алынбаған қамал - объективтік баяндаудың реалистік бедерлілігі. Бұл суреткерлікгі ойлылыққа, аз айтып, көп мағына беруге, кемел психологизмге апаратын жол. Сөз өнерінің көркемдік даму сатылары осы тенденцияны шарықтатып келеді...

Өзірлеген
Қайсар ӘЛІМ,
«Егемен Қазақстан».